	арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру дағдысын жетілдіру. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1.Б.қ Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; /4 рет қайталау/ 2.Б.қШалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. /4 рет қайталау/ 3. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). /4 рет қайталау/		жоғары) лақтыру дағдысын жетілдіру. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1. Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу /4 рет қайталау/ 2.Б.қ қолды шапалақтау /4 рет қайталау/ 3. Қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу /4 рет қайталау/ 4.Саусақтарын ашып жұму /4 рет қайталау/ Негізгі іс-қимылдарды орындайды:	Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1. Шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға үйрету. 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын: «Ұшақтар» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	

	Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын:«Допты домалат» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.		1. Лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету 5. «Доптар» секіру. Қим ойын:«Мені құып жетіңдер» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №15 Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты: балаларды	Серуен №16 Ауыл көшесін бақылау. Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол	Серуен №17 Қардың қасиетін бақылау. Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін	Серуен №18 Құстарды бақылау. Мақсаты: қыстайтын, алаңға келетін құстардың аттарын анықтау.	Серуен №19 Табиғат күнтізбесі арқылы ауа райын бақылау Мақсаты: ауа райын бақылау. Ауа райына

	қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету.. Көркем сөз: Аппақ, аппақ ақшақар Бірін ұстап алайын... Ұстадым! Жоқ, ақша қар, Қайдан іздеп табайын? (Жақан Смаков) Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты тез жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: үйдің ауласын қардан тазартып қою. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге үйретіп, еңбекке баулу. Қимылды жаттығулар:	жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру. Сұрақтар: Көшедегі үйлер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме? Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүрулері керек? Көркем сөз: Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты, Жақсы білем міндетімді, мүдірмеймін ешқашан.	толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды. Көркем сөз: Аққала Аула сырты баққа да, Тұрғызамыз аққала Аққаланы айналып, Ойлаймыз біз шаттана. Қимылды ойын: «ұстап ал» Мақсаты: белгі берілісімен бірден іске кірісіп, жаттықтыру. Еңбек: қарды күреу.	Олардың сыртқы бейнесін, қандай жемді жақсы көретінін, қалай тұрып, қалай жүретіндерін анықтау. Балаларды байқағыштыққа, құстарға жанашыр болуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Мың торғай қамаса қораға, Бір торғай тұрмайды... Бір торғай тұрмайтын қораға Мың торғай тұрмайды. Қимылды ойындар: «Ұядағы құстар»	көңіл бөліп, байқау өткізулерін ұсыну. 1.Сық па, жылы ма? 2.Күн желді ме, жоқ па? 3. Балалар қалай киінген? 4. Ауа райының жайы қалай анықталады? 5. Күн шуақты ма, әлде бұлыңғыр ма? 6. Қар жауып тұр ма? 7. Жуырда қар жауып, өттіме ме? Серуендеп келген балаларға бүгін өздері көріп, бақылаған ауа райының жайын күнтізбеге белгілеулері керектігін естеріне салу. Тапсырма: бұлттың суретін салу. Қимылды ойын: «Арқан тарту!»

	мұзды жолмен сырғанай білуге жаттықтыру.	Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа. Қимылды ойын: «Жанады жанбайды» ойыны. Мақсаты: тез жүгіруге, шыдамдылыққа жаттықтыру. Еңбек: балабақшаның маңын қардан тазарту. Мақсаты: күрекпен жұмыс істеуге, бірлесіп еңбек атқаруға, істі аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.			Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	Артикуляциялық жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Артикуляциялық жаттығу	Артикуляциялық жаттығу

	Жаңылтпаштар: Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	Жаттамақтар: Мынау менің атам, Мынау менің әжем, Мынау менің әкем, Мынау менің анам, Мынау мен өзім! (сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаштар: Лақ бақ, Баптап бақ.	Жаттамақтар: Доп,доп, Хлоп,хлоп. Доп жоғалды- Қап,қап,қап! (сөйлеуді дамыту)	Зымырап допты ала, Қуады көп бала.
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер: Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»	ЫРым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан атасы дән»
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				

	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айқасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Картотека№6	Картотека№7	Картотека№8	Картотека№9	Картотека№10
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,	«Тостаған» Мақсаты:тостағанды мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету. (мүсіндеу)	«Жол жасайық» Мақсаты:табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру)	«Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік	«Қай аспап?» Мақсаты:Балалардың кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның	«Сызықтар». Мақсаты: сызықтарды қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйретуге жалғастыру. (жапсыру)

кітаптар қарау және т.б.)	«Әлді,әлді ақ бөпем» Мақсаты: Балаларды бесік жырларын тыңдауға үйрету,қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет)	«Көрпе» Мақсаты: шаршы пішіндермен көрпені құрастыру. (жапсыру)	үйлесімділігін дамыту. (Сенсорика) «Үйшік» Мақсаты: Ертегі тыңдауға үйретуге жалғастыру. (көркем әдебиет)	ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыруға жалғастыру. (музыка) «Тау » Мақсаты: табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. (құрастыру)	«Көжекті орналастыр» Мақсаты: қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. (Сенсорика) «Көңілді шеңбер» Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. (музыка)
Балалармен жеке жұмыс	Абубакрге белгі бойынша тоқтап жүреді жүргенде белгіні елеуге үйрету	Жанерке жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады:	Асылым түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады:	Ернар түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды:	Інжу мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп

		анық айтуға үйрету:	ішінара салыстырады		біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады): Меңгермеген.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)				
	Қазір жылдың қай мезгілі?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
Серуен	Ойын алаңдарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен №15 Жайсыз ауа райын бақылау. Жаңылпаштар: Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?	Серуен №16 Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Жорамал: Түтін будақтап шықса, аяз болады	Серуен №17 Ауыл көшесін бақылау. Жұмбақтар: Менің үш көзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңдайға!» - дейді (Бағдаршам)	Серуен №18 Қардың қасиетін бақылау. Жеке жұмыс: қарды жұмырлап, қатты қысу. Жұмбақтар: Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Мақал:	Серуен №19 Көркем сөз Далада қандай тамаша, Ақ мамыққа оранған. Ақ дастархан жапқандай, Көз тоймайды қарасаң.

				Сыртта «тау» болып жатса, Үйде су болып тұрады. Далада қар болса, Қамбада астық болады.	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala"балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.02-01.03.ақпан-наурыз айы 2024 жыл

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.	«Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады. Қоршаған ортамен таныстыру.	« Көгершін» Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін. Қоршаған ортамен таныстыру. «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Сенсорика	Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. Қоршаған ортамен таныстыру.	«Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Сөйлеуді дамыту «Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Көркем әдебиет	«Үй құстары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй құстары туралы түсінік беру. Қоршаған ортамен таныстыру «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Көркем әдебиет

Ата аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	«Саусақ жаттығуы» Бас бармағым – алғашқы, Балаң үйрек – жалғасы. Ортан терек – ағасы, Шылдыр шүмек – нағашы, Кішкентай бөбек – балақан, Бәріне ортақ – алақан. (сөйлеуді дамыту)	«Анама арналған жүзік» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	«Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. Сөйлеуді дамыту	«Анама білезік жасаймыз» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	«Үй құрастыр» ойыны Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау Құрастыру
Таңертеңгі жаттығу	Картотека №13	Картотека №13	Картотека №13	Картотека №13	Картотека №13
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру	Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Мәдениетті тамақтануға баулу. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тындаймын»	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар, болу керек Таза қол да бетте	Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.

Ұйымдастырылған іс –әрекетке дайындық.	«Күннің мол шуағы» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға ,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу «Үй жасаймыз» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, үйлерді, орналастыру. Жапсыру. «Кітап бұрышына» саяхат жасау. Балаларды кітап бұрышына саяхат жасап, кітаптарды әр балаға беріп суреттерін қарап тамашалау. Көркем әдебиет	«Төлдерге аула тұрғызайық» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау (Құрастыру) «Ою-өрнектерді жапсырамыз» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. Жапсыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.	«Түрлі-түсті тоқаштар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға ,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Шарларды жапсырайық» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. Жапсыру «Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру. Сенсорика Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі	«Әдемі шарлар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Түрлі-түсті доптар » Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, доптарды орналастыру жапсыру Қ/О «Күн мен жаңбыр». Мақсаты: балалардың белгі бойынша қимылдарды	«Ирек жолдар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Гүлдерді орналастырайық » Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, гүлдерді орналастыру жапсыру Жапсыру. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.

		Сөйлеуді дамыту	Кіп-кішкентай ағаштар Су құйғанда өседі Көркем әдебиет	жасай білу дағдылары . (Қоршаған орта)	Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Сөйлеуді дамыту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Белгі бойынша тоқтап жүру. **Міндеттері:** Жүру. Белгі бойынша тоқтап жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Орнында баяу айналу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар.	.Музыка. Пән жетекшісінің жоспары бойынша.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Тепе-теңдік сақта. **Міндеттері:** Жүру. Белгі бойынша тоқтап жүру дағдысын жетілдіру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Орнында баяу айналу дағдысын жетілдіру. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату дағдысын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Мұз айдынына барамыз. (таза ауада) **Міндеттері:** Спорттық Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.жаттығулар. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу 3-рет қолды шапалақтау,	

	Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу, 3-рет қолды шапалақтау, 3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. .Негізгі қимылды жаттығулар: 1.Жүру дағдысын жетілдіру. 2. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Қимылды ойын: «Допты лақтыр» Мақсаты: Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты		Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу 3-рет қолды шапалақтау, 3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. .Негізгі қимылды жаттығулар: 1.Жүру дағдысын жетілдіру. 2. Түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату. Қимылды ойын: «Допты көздеу» Мақсаты:допты нысанаға домалату.	3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. Негізгі кезең. 1. Балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Қимылды ойын: «Аңдардың жүрісі» Мақсаты: балаларды шапшаң қимылдауға үйрету. Қорытынды. Балаларды мадақтау.	

	көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.				
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Ретімен дұрыс киінуін қадағалау.	Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.
Серуен	№ 1 Ауа райын бақылау Жұмбақ Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) Тақпақ «Жаз келеді» Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ Бақылау: Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (	№ 2 Күннің көзін бақылаймыз Жұмбақ Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) Бақылау: Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр	№ 3 Күннің шұғыласын бақылау Жұмбақ Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) Бақылау: Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату.	№ 4 Желді бақылау Жұмбақ Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) Бақылау: Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.	№ 5 Аспанды бақылау Жұмбақ: Орманның, таудың үстінен Ірі кілем төселген Менің де, сенің де Үстіңнен жайылған Бірде сұр, бірде көк, Бірде көгілдір. (Аспан) Бақылау:

	күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. Қимылды ойын: «Құлыншақтар» Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. Еңбек: Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Өз бетімен ойындар: Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру.	жауады, ауа райы өзгереді. Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру, салыстыру. Шешімін жасау. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. Еңбек: Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып	Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай, кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. Еңбек: Жолдарды қардан тазарту Берілген тапсырманы жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. Өз бетімен ойындар: Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау.	Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер» Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. Еңбек: Өсімдіктерге су құю Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: Айналада ойын	Аспанды бақылауды жалғастыру. Оның қою-көк, ашық және өте әдемі болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғатта болған өзгерістер арасында жай байланыстарды орнатуға үйрету (бұлт жоқ, ашық аспан,ақша бұлттар, күн шуағын шашып тұр, жылы); қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қимылды ойын: «Қоңырау» Балаларды қол ұстасып, шеңбер бойынша

		жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: Ойын ережелерін сақтап, жауапты ролдерді орындай білуге үйрету.		Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.	қозғалуды, әр тарапқа жүгіруді бекіту, орындыққа мінуді үйрету Еңбек: Тұқымды отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы	Аяқ киімдерін жинап қоюға үйрету	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы	Киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы
Түскі ас.	Ас үстінде артық әнгіме айтуға болмайтынын түсіндіру	Тамақты шашпай ішуге дағдыландыру	Ас мәзірімен таныстыру.Тамақты асықпай жеу керек.	Ас мәзірімен таныстыру Тамақты шашпай ішуге дағдыландыру	Ас үстінде артық әнгіме айтуға болмайтынын түсіндіру
Күндізгі ұйқы	Жақсы жатып, жайлы тұр	Аудио ертегі тыңдату.	Ұйқыға арналған әуен аудио ертегі (музыка)	Жақсы жатып , жайлы тұр!	«Бесік жырын » тыңдату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз Оң аяққа 1,2,3 сол аяққа1,2,3. Массаж жасау білеміз	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым	Алашадан жүрейік Жүрісті біз түзейік Шымыр болып шынығып Тез-тез басып өтейік (дене шынықтыру)	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым	Салқын суды сүйеміз Шымыр болар денеміз Сумен күнде жуынып

		Таза бетің-маңдайын.		Таза бетің-маңдайын.	Ұзақ өмір сүреміз.
Бесін ас.	Бата айтып үйрету.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Ас мәзірімен таныстыру.	«Ас қайтарып» үйрету	Балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын:«Үлкен – кіші» Мақсаты: Көлемі бойынша(үлкен – кіші) заттарды салыстыру Сенсорика «Әжемнің білезігі» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу) «Пішіндермен ойындар» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрастыру.	«Ирелеңдеген сызықтар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. «Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Көркем әдебиет Сурет салу	«Текшелер» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау (Құрастыру) «Қуыршаққа қол сағат жасайық» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	«Мозайка» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау (Құрастыру)	«Жүзік жасаймыз» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)

Балалармен жеке жұмыс	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп тапсырмаларды орындауға үйрету Абубакр	Мүсіндеудің қарапайым түрлерін меңгеруге үйрету. Сүлеймен	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарының қалпына мән беруге үйрету. Рамазан.	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, сөздерді анық айтуға үйрету. Нұрали.	Жануарлардың дене бөліктерін ажырата білуге үйрету Темірлан
Серуенге дайындық	Балалар сырт киімдерін дұрыс киюін қадағалау	Балалардың түймелерін дұрыс салуын қадағалау	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау	Сыртқы киімдерін киюін қадағалау
Серуен	Серуен №1	Серуен №2	Серуен №3	Серуен №4	Серуен №5
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Ата-аналарға балалардың тамағын тауысып жеуін қадағалауын ескерту	Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Кеңес: «Егер бала бұзық болса»	Ата-аналармен балалардың тазалықтары туралы әңгімелесу

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala"балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.03-07.03.наурыз 2024 ж.

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 04.03.	Сейсенбі 05.03.	Сәрсенбі 06.03.	Бейсенбі 07.03.	
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)				
	«Серуенге жиналайық» Мақсаты: Еңбек әрекетін қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу) білдіретін етістіктермен байыту. (сөйлеуді дамыту)	«Қөліктерді ата» Мақсаты: Көліктер туралы түсініктерді қалыптастыру. (қоршаған орта) «Пішіндерді ата» Мақсаты: түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша	«Көпір» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. (құрастыру) «Ертегі әлемінде» Мақсаты: Оқып беруді ойыншықтарды	«Жиһаздар» Мақсаты: Зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. (сөйлеуді дамыту) «Үй құрастырайық» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым	

	«Үй жануарларға қоршау жасайық» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. (құрастыру)	салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (сенсорика)	көрсетумен сүйемелдеу. (көркем әдебиет)	құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. (құрастыру)	
Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейн елеу әрекеті,кітапта р қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Пойызды құрастыр» Мақсаты: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды үйрету. (сенсорика) «Әнді айтайық» Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. (музыка)	«Бауырсақ» Мақсаты: Саусақ театрының кейіпкерлерін көрсетумен сүйемелдеу. (көркем әдебиет) «Көңіл-күйін қандай?» Мақсаты: Көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен байыту. (сөйлеуді дамыту)	«Бұл кім?бұл не?» Мақсаты: Педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». (сөйлеуді дамыту) «Биік үй құрастырайық» Мақсаты: . Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді бір текшені екіншісіне қою орындауға баулу. (қоршаған орта)	«Күн жарқырап тұр» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. (сурет салу) «Қол сағат» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (мүсіндеу)	

Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .(дене шынықтыру)				
	Картотека №13	Картотека №13	Картотека №13	Картотека №13	
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Ойнаймыз – күлеміз, Асқа да дайынбыз. Астаң соң күнде біз, Беті – қол жуамыз.	Нан қоқымын шашпаңдар! Жерде жатса-баспаңдар! Теріп алып,қастерлеп, Торғайларға тастандар.	Қызылша сәбіз дәрумендер Бізге керек әріне Қуанады анамызда Жетілер деп санамызда.	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар,болу керек Таза қол да бетте.	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.				
	«Аққала». Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу,	«Қар жауып тұр» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу,	«Аңдардың іздері» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер	«Үйді құрастыр» Мақсаты: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды	

	ересектер салған суретті толықтыру. (сурет салу) «Машина». Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды орналастыруға үйрету. (жапсыру)	ересектер салған суретті толықтыру. (сурет салу) «Жүзік» Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (мүсіндеу)	салған суретті толықтыру (сурет салу) «Білезік» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (мүсіндеу)	топтастыруды үйрету. (Сенсорика) «Үйшік» Мақсаты: Көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. (көркем әдебиет)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы:Тиын балаларға қонаққа келді. **Міндеттері**: Белгі бойынша тоқтап жүру дағдысын жетілдіру. Белгі бойынша тоқтап жүгіру дағдысын	Музыка Ән жетекшісінің жоспары бойынша.		**Дене шынықтыру** (таза ауада) Тақырыбы: Орманға саяхат. **Міндеттері:** Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Негізгі іс-қимылдарды орындайды:	

	жетілдіру. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу дағдысын жетілдіру. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары 1.Б.қ. Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу /4 рет қайталау/ 2.Б.қ. Қолды шапалақтау /4 рет қайталау/ 3.Б.қ. Қолдарды алға-артқа сермеу /4 рет қайталау/ 4.Б.қ.Саусақтарды бүгу және ашу. 5.Б.қ. Жанында тұрған (отырған) адамға			1.Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын: «Ормандағы аңдар» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.	

	қолындағы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу. 6.Б.қ. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Негізгі іс-қимылдарды орындайды: 1.Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу 5. «Қояндар» секіру. Қим ойын:«Аю,аю тұршы» Қорытынды: Бір орында жүру. Бастапқы қалыпқа келу. Балаларды мадақтау.				

Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Серуен №1 Ауа райын бақылау. Бақылау: Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. Еңбек: Жеке және ұжымдық тапсырмаларды	Серуен №2 Күннің көзін бақылаймыз. Жұмбақ Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) Бақылау: Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. Тәжірибе: қара және ашық түсті заттарды қолмен ұстап көру,	Серуен №3 Желді бақылау Жұмбақ Көзіне көрінбейді, Қолына ілінбейді. Бірақ та құлағына, Ұдайы күбірлейді. (Жел) Бақылау: Ауа райы қалпы: жел соғып тұр, өте жылы (сыртқы сипатына қарай), оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту. Еңбек: Өсімдіктерге су құю Балалар тәрбиешінің басқаруымен пайдалы еңбек әрекетімен аулада айналысады. Өз	Серуен №4 Күннің шұғыласын бақылау. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) Бақылау: Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. Еңбек: Жолдарды қардан тазарту Берілген тапсырманы	

	орындауға үйрету. Жұмбақ Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) Тақпақ «Жаз келеді» Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ. Қимылды ойын: «Құлынша қтар» Қимыл түрлерін өзгертіп	салыстыру. Шешімін жасау. Еңбек: Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру.	бетімен өсімдіктерді суаруды үйренеді қалыптстыру (суару тәртібін сақтау). Өсімдіктерге ұқыпты күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автокөліктер» Ойнау барысында бір-бірімен татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу.	жауаптылықпен орындату. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға үйрету. Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны) Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету.	

	отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)				
	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаштар: Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Мынау менің атам, Мынау менің әжем, Мынау менің әкем, Мынау менің анам, Мынау мен өзім! (сөйлеуді дамыту)	Артикуляциялық жаттығу Зымырап допты ала, Қуады көп бала.	Артикуляциялық жаттығу Жаттамақтар: Доп,доп, Хлоп,хлоп. Доп жоғалды- Қап,қап,қап! (сөйлеуді дамыту)	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету,еңбек қызметі) Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер:	Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын		Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға,	Ас туралы мақал мәтел

	Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»		теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	«Ас атасы нан, нан атасы дән»
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет)				
	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Картотека№11	Картотека№12	Картотека№13	Картотека№14	
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				

	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейн елеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	«Қуыршаққа білезік» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (мүсіндеу) «Шалқан» Мақсаты: үстел үсті театрының кейіпкерлерін көрсетумен сүйемелдеу, көркем	«Жол жасайық» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. (құрастыру) «Үй құрастырайық» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, үйлерді орналастыру. (жапсыру)	«Түрлі-түсті шарлар». Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. (жапсыру) «Аққаланы құрастыр» Мақсаты: Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. (Сенсорика) «Көңілді шеңбер»	«Доптар» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды,допта рды орналастыру. (жапсыру) «Қай аспап?» Мақсаты:Балалард ы кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыруға жалғастыру. (музыка)	

	шығарманы тыңдау. (көркем әдебиет) «Мұнара жинау» Белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді пирамиданы жинау орындауға баулу. (қоршаған орта)		Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. (музыка)		
Балалармен жеке жұмыс	Сүлеймен әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрле қалыпта ұстап жүруге үйрету.	Имран ересектердің сөзін тыңдамайды,түсін бейді:	Рамазан түстерді ажыратуға және оларды дұрыс атауға үйрету:	Темірлан қимылдарды,қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын ішінара меңгерген:	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)				
	Қазір жылдың қай мезгілі?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	

		қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	шығар кезінде шағын әңгіме)		
Серуен	Ойын алаңдарын тазлау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Серуен №1 Өз бетімен ойындар: Балаларды арақашықтықты сақтай отырып, допты көздеген жерге лақтырып тигізуге жаттықтыру.	Серуен №2 Өз бетімен ойындар: Ойын ережелерін сақтап, жауапты ролдерді орындай білуге үйрету.	Серуен №3 Өз бетімен ойындар: Айналада ойын Ұялшақ және жасқаншақ балаларға ұжымдық іс-әрекетке араласу үшін барынша ыңғайлы жағдай жасау.	Серуен №4 Өз бетімен ойындар: Өз бетімен атрибуттар мен көмекші-заттарды таңдай білуін, ойын шартын орындауға талаптандыру, мадақтау.	
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖШС "iBala"балабақшасы
Топ: «Балапан» кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі:11.03-15.03.наурыз айы 2024 жыл

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау.	«Саусақ» жаттығуы Бала, бала, балақай, Қол соғайық, алақай! Бір,екі,үш деп айтайық, Саусақтарда тартайық. Жалқау бала болмайық, Қолды қысып, ойнайық. Сөйлеуді дамыту	« Көгершін» Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін. Қоршаған ортамен таныстыру.	«Саусақ жаттығуы» Бас бармағым – алғашқы, Балаң үйрек – жалғасы. Ортан терек – ағасы, Шылдыр шүмек – нағашы, Кішкентай бөбек – балақан, Бәріне ортақ – алақан. (сөйлеуді дамыту)	«Секіреміз топ-топ» Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. Сөйлеуді дамыту	«Үй құстары қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балаларға үй құстары туралы түсінік беру. Қоршаған ортамен таныстыру
Ата аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Балаларды ертеңгілік жаттығуға кешіктірмей алып келулерін ескерту	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру ескерту

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	«Амандасу әдебі» Мақсаты: Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту. Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі томпайып, Шиық-шиық десіп отырады. Қоршаған ортамен таныстыру.	«Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Сенсорика «Қуыршаққа қол сағат жасайық» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	Торғай ағаш қорғайды. Шыр-шыр еткен торғайды, Таспен атып торғайды, Қорғамасаң болмайды. Ұя бұзған оңбайды. Кіп-кішкене торғайлар, Құс өкпелеп кетеді, Ағаштарды қорғайды. Бақшамызға қонбайды. Қоршаған ортамен таныстыру.	«Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Көркем әдебиет «Әдемі білезік » Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	«Үй құрастыр» ойыны Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау Құрастыру «Шалқан» ертегісі Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді. Көркем әдебиет
Таңертеңгі жаттығу	Картотека №14	Картотека №14	Картотека №14	Картотека №14	Картотека №14
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру	Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң, Орнымызды жинаймыз.	Мәдениетті тамақтануға баулу. «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тындаймын»	Тамақтанбас бұрын Қол жуамыз әлбетте Себебі достар, болу керек Таза қол да бетте	Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.

Ұйымдастырылған іс –әрекетке дайындық.	«Үй жасаймыз» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, үйлерді, орналастыру. Жапсыру. «Кітап бұрышына» саяхат жасау. Балаларды кітап бұрышына саяхат жасап, кітаптарды әр балаға беріп суреттерін қарап тамашалау. Көркем әдебиет «Әдемі шарлар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Әжемнің білезігі» Мақсаты: Кесектерді біріктіру, қуыршаққа	«Төлдерге аула тұрғызайық» Мақсаты: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау (Құрастыру) «Ою-өрнектерді жапсырамыз» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. Жапсыру «Жаттығулар жасайық» Тез қозғалып осылай Жаттығулар жасайық. Жақсылықты үйреніп, Жамандықтан қашайық.	«Тоқаштар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға ,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Шарларды жапсырайық» Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, шарларды орналастыру. Жапсыру «Сәйкес ұяшыққа орналастыр» дидактикалық ойын Мақсаты: ойлау қабілетін арттыру. Сенсорика Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі	«Шуақты күн» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға ,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу «Түрлі-түсті доптар » Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, доптарды орналастыру жапсыру Қ/О «Күн мен жаңбыр». Мақсаты: балалардың белгі бойынша қимылдарды	«Ирек жолдар» Мақсаты: Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға,құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Сурет салу. «Гүлдерді орналастырайық » Мақсаты: Фланелеграфта геометриялық фигураларды, гүлдерді орналастыру жапсыру Жапсыру. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен.

	арналған әшекейлерді (мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. (Мүсіндеу)	Сөйлеуді дамыту	Кіп-кішкентай ағаштар Су құйғанда өседі Көркем әдебиет	жасай білу дағдылары . (Қоршаған орта)	Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. Сөйлеуді дамыту
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс –әрекет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Өрмекші сияқты өрмелейміз. **Міндеттері:** Еңбектеу, өрмелеу.Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу дағдысын жетілдіру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу, 3-рет қолды шапалақтау, 3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет	Музыка. Пән жетекшісінің жоспары бойынша.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Бір орында тұрып секір. **Міндеттер**і:Еңбектеу, өрмелеу.Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу дағдысын жетілдіру. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу 3-рет қолды шапалақтау, 3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: Спорттық ойындар. **Міндеттері:** (таза ауада) Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату жаттығулар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру, аю	

	саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. .Негізгі қимылды жаттығулар: 1. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу 2. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру. Қимылды ойын: «Қоянша секіреміз» Мақсаты: Балаларды қоянға ұқсап қос аяқпен секіруге үйрету Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.		саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. .Негізгі қимылды жаттығулар: 1. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50 х 50 сантиметр модульге өрмелеу 2. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге үйретуге жалғастыру. Қимылды ойын: «Қоянша секіреміз» Мақсаты: Балаларды қоянға ұқсап қос аяқпен секіруге үйрету Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.	сияқты қорбаңдап жүру). Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды артқа қою оларды бүгіп, жазу 3-рет қолды шапалақтау, 3 рет қолдарды алға-артқа сермеу 3-рет саусақтарды бүгу және ашу 3 рет Оңға-солға бұрылу. 3-рет Аңдардың жүрісімен жүру, секіру. 3-рет. Негізгі кезең. 1. Балаларды қолынан жетелеп сырғанату. Қимылды ойын: «Аңдардың жүрісі»	

				Мақсаты: балаларды шапшаң қимылдауға үйрету. Қорытынды. Балаларды мадақтау.	
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Ретімен дұрыс киінуін қадағалау.	Серуенге шыққанда өздерін тәртіпті ұстауларын түсіндіру.	Балалардың дұрыс киінуін қадағалау.	Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.
Серуен	№ 6 Бірінші будақ бұлттарды бақылау Жұмбақ Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ, жетеді, Ауызы жоқ ұлиды. (Жел) Бақылау: Балаларға бұлтты бақылауды үйрету: олардың өте әдемі, бірегей негізді, күмбез тәрізді аппақ көлемнен түрлі болатынын; таңертен пайда болып кешке жоқ болтынын	№ 7 Қарды, қар түсуін бақылау Жұмбақ Әкетей аппақ, Аспаннан ұшқан. Қыс бойы жатып, Жерге қашқан. (Қар) Бақылау: Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың	№ 8 Қар суын бақылау Жұмбақ Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) Бақылау: Қар қалындығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің ұзақ жарығында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар	№ 9 Жылғаны бақылау Жұмбақ Жылт- жылт еткен Бақылау: Көктемдегі құбылысты бақылау. Неліктен су жылғалардан өтетінін бақылау, оның бағыттарын анықтап, балалардың байқағыштығын дамыту.	№ 10 Сүңгіні бақылау Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) Бақылау: Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде

